


» Архив ісі

# Елді оятамыз десек, әуелі тарихымызды оятуымыз керек!

Тарихшылардың Астана хартиясында тәуелсіз мемлекеттердің өткен тарихына тән ортақ тағдырды бірлесе отырып зерттеу қажеттілігі ерекше аталып өтілді. Осы оқиғаға байланысты баспасөзде жарияланған үндеуінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Этностың және діни тегі бөлек мыңдаған адамдар, тоталитарлық жүйенің диірменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін кінәсіз сотталып, туған жерінен аяусыз айдалып, ГУЛАГ түрмелерінде көз жұмды. Біз үшін, азат тәуелсіз Қазақстан азаматы үшін оларды еске алу және есте сақтау – қасиетті парыз» деген болатын.

Шынайы тарихты жарыққа шығару – баршамыз үшін қастерлі міндет. Сол тарихи шындықты ашу, зерттеп-зерделеу – бүгінгі тарихшы ғалымдардың парызы. Әлі де архивтерде шаң басып жатқан материалдар бізге талай құпияның бетін ашатынына сенімдімін. Сол тарихи деректерді зерттеуші қауымға ұсынатын мемлекеттік архив қызметкерлері. Солардың бірі әрі бірегейі – Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің тарихы 1926 жылдан бастау алады. Сол жылдың 1 қазанында Шымкент қаласында Сырдария губерниясының архивтік бюросы ашылса, 1934 жылдың наурыз айында Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архиві құрылған. Архивтік сақтау бөлмелерінде алғашқы құжаттар ретінде Қазақ КСР-інің орталық архивіне берілген жалпы саны



77 қор, 8 000 сақтау бірлігі және Шымкент қаласы мекемелерінен қабылданған жалпы саны 2 606 сақтау бірлігінен тұратын 11 қор келіп түсті.

Бүгінгі таңда Түркістан облысы архивтік қоймаларында барлығы 1 350 қорды құрайтын 505 760 іс сақталған. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өзара байланыстағы жұмыстар кешенін жүргізіп жатыр. Құжаттарды архив қоймаларында жедел іздестіруді қамтамасыз ету үшін әр қоймада топографиялық карточкалары енгізілген және құжаттар сала бойынша жүйелеп орналастырылған. №2, №3, №4, 15, №6 және №7 қоймаларға әкім аппаратының кино-фото құжаттары, ауыл шаруашылығы, білім және денсаулық сақтау салаларының құжаттары жинақталған. №8 архив қоймасына жеке құрам бойынша және ғылыми-техникалық құжаттар жинақталған.

Архив қоймалары стационарлық металл сөрелермен, жылжымалы үстел, қоларба және сатылармен жабдықталған. Оған қоса зерттеушілерге тиянақты ізденіп, жұмыспен алаңсыз айналысуға толық жағдай жасалған. Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің толықтыру кезіне 406 мекеме, ұйым және кәсіпорын енгізілген. Ұлттық архив қоры құжаттарын жинақтау бөлімінің қызметкерлері облыс бойынша, яғни Бәйдібек, Қазығұрт, Түлкібас, Ордабасы, Отырар, Сайрам, Төлеби, Сауран – барлығы 8 ауданға жетекшілік етеді.

Сондай-ақ, Түркістан облыстық мемлекеттік архиві мекемелерге Ұлттық архив қорының құжаттарын, сондай-ақ, басқа да архив құжаттарын, мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің толықтырылуы, сақталуы, есепке алуы мен пайдалануы бойынша әдістемелік көмек көрсетеді. Бұдан бөлек істер номенклатурасын, істер тізімін,

сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіні сараптау комиссиясы туралы және ведомстволық архив туралы ережелерді түзу бойынша семинар өткізеді. Түркістан облыстық мемлекеттік архивінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау 2012 жылдың тамызынан бастап халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүргізіледі.

Бір ескеретін жайт, архивке келіп түсетін өтініштер саны жыл санап өсіп келеді. 2013 жылдың қазан айынан Түркістан облыстық мемлекеттік архивінде «Летограф ИТ консалтинг и услуги Казахстан» ЖШС мамандарының тікелей қатысуымен «Электронды архив» ақпараттық жүйесі цифрлық таңбаға көшірілуде. Қазірше облыстық архив қорындағы барлық құжаттардың 3%-ы ғана электронды базаға көшірілді.

Түркістан облыстық мемлекеттік архивінде бүгінде білікті мамандар жұмыс істейді.

Өткен тарихымызда біз ұялатын ешнәрсе жоқ. Елді ояту үшін әуелі тарихымызды оятуымыз керек. Келер ұрпаққа шынайы тарих пен айқын ақиқат қалдыру үшін архив қойнауындағы тарихи деректерді жарыққа шығаруға тиіспіз.

**Гайни СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ,  
М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті философия  
кафедрасының  
аға оқытушысы.**